

Токмансай орта мектебі

Қамқоршылық кеңес отырысының №1 хаттамасы

Күні: 28.08.2024

Қайнар ауылы

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

- 1.Алдашев Р.Ж-қамқоршылық кеңес төрағасы
- 2.Ақбергенов С.Г-кеңес мүшесі
- 3.Айжарикова Н.Б-кеңес мүшесі
- 4.Сарыжданова Ш-кеңес мүшесі
- 5.Тулепов А.М-акеңес мүшесі
- 6.Нурмагамбетова С-кеңес мүшесі
- 7.Джамиева Қ-кеңес мүшесі

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры А.Т.Карасаева
2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары- А.А.Ескельдина
3. Әлеуметтік педагог- Г.Б.Амирбаева
4. Мектеп кітапханашысы- А.С.Жанабекова

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың міндетті мектеп формасы туралы
2. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы
3. Мектепке жол акциясы барысында «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар» отбасы баларына, көп балалы және жалғыз басты отбасы балаларына көмек көрсету.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша директоры А.Т.Карасаева сөз сөйледі.

Білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды атап өткен.Осы бұйрық негізінде мектептің ішкі тәртіп ережесі бекітілді. Ережеде мектеп формасына қойылатын талаптар көрсетіліп ата-аналарға таныстырылды.Міндетті мектеп формасында қыздар мен ұлдарға арналған киімдер нақты көрсетілген.Діни конфессияларға қарсы киімдер киіп келуге тиым салынады.Мектебіміздің міндетті мектеп формасы қою көк түсті болып бекітілді.қыз балалар юбка ,жекет,сарафан тізеден төмен болуы керек.Ер балалар қою көк түсті шалбар,жилет,пиджак ақ рубашка,шалбар ұзындығы тобықтан төмен болу керек.Мектеп формасы туралы әлеуметтік желіге жарияланды.Киім-кешек ала алмай отырған отбасылар жоқ. Барлығы жаңа оқу жылына дайын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы Жанабекова А.С. сөз алды. 2024-2025 оқу жылы бойынша оқушыларға кітап 100% берілді. Барлық оқушылар оқулықпен қамтылды.Жанартылған оқулықтар келді 5-6-7 сыныптарға жаңа

оқулықпен қамтылды.Жанартылған оқулықтар келді 5-6-7 сыныптарға жана оқулықтар келді.Сабақ басталмай тұрып мектеп мөрін басылып ,барлық оқушы келіп кітаптарын алды.

Үшінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Амирбаева Г.Б. сөз алды.

Мектепке жол акциясы бойынша көп балалаы және толық емес отбасынан шыққан балалардың ата аналарымен жеке- жеке жұмыстар жүргізілді. Сынып жетекшілер мен ата -аналардың ұйымдастыруымен керек құрал жабдықтар алынып берілді. «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар» отбасылардан ауыл бойынша бір ғана отбасы және екі оқушы тіркелді. Бұл оқушыларға мектеп құралдары мен киім кешектер алынып берілді..Жалпы ауыл тұрғындарының жағдайлары жақсы. Мектебіміздің бұрынғы түлегі Ракитина К. Жүз мың теңге көлеміндегі қаражатқа оқушылар үшін оқу құралдары және мектеп сумкалары мен шоперлер алып берді

Қамқоршылық кеңестің шешімі:

1. Белгіленген міндетті мектеп формасы қатаң сақталсын
2. Оқулықпен қамтылу жақсы деп бағалансын
3. Мектепке жол акциясы жалғасын тапсын

Кеңес төрағасы:

Алдашев Р.Ж

Хатшысы:

Ескељдина А.А.